

**БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БІЛІМ  
БЕРУДІ ДАМУ ОРТАЛЫҒЫ**

**«XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық- саяси қозғалыстар»**

**Қолданбалы курс**

(Л.Қылышев атындағы ОЖББ мектебінің тарих пәнінің мұғалімі Мулдағалиева  
Кадиша Сейлхановнаның іс-тәжірибесінен)

**Орал- 2020**

Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының білім беруді дамыту орталығының  
сараптама кеңесінде қаралып, облыс педагогтарына таратуға ұсынылды

Хаттама № 3. 27 тамыз 2020 жыл

**Құрастырушы:** Мулдағалиева Кадиша Сейлхановна тарих пәнінің жоғарғы  
санатты мұғалімі

**Рецензенттер:**

**Ажиекова У.М.,**

БҚО, Білім басқармасының Білім беруді дамыту орталығының әдіскері

Сапашева Э.И , Л.Қылышев атындағы Шилі ОЖББ мектебінің тарих пәнінің  
жоғары санатты мұғалімі.

Бұл курс аясында XX ғасырдың басындағы Қазақстанда болған қоғамдық-саяси  
үдерістер туралы ақпараттар мен мәліметтер береді. Қолданбалы курс 9-11 сыныпқа  
факультативті курс ретінде қосымша білім алу көзі болып табылады. Тарих пәні  
мұғалімдеріне әдістемелік көмекші құрал ретінде ұсынылады.

## **Мазмұны**

|                                                                                                                    |       |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------|
| Түсінік хат.....                                                                                                   | 4     |
| Оқушылардың білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптар.....                                                      | 5     |
| Қолданбалы курстың білім мазмұны.....                                                                              | 6-8   |
| «XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық- саяси<br>қозғалыстар» қолданбалы курсы бағдарламасының жоспары..... | 9-10  |
| Қысқа мерзімді жоспарлары.....                                                                                     | 11-67 |
| Пайдаланылған әдебиеттер.....                                                                                      | 68    |

## Түсінік хат

Жалпы білім беретін мектепте Қазақстан тарихы пәнінен қосымша білім берудің маңызы зор. Қазақстан тарихы пәні қоғамда болып өткен аса маңызды оқиғалар мен тарихи тұлғаларды танып, олардың қызметіне дұрыс баға беру, оқиғалар мен үдерістерді зерттеу, тарихи сырларын ашуды мақсат етеді. Қолдаңбалы курс оқушылардың күш-қуат мүмкіндіктерін ашуға, адамгершілік пен өз туған тарихын сыйлауға, әр оқушының қабілетіне сай интеллектін байытуға көмектеседі.

«XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық- саяси қозғалыстар» қолданбалы курсы 9-11 сынып оқушыларына «Қазақстан тарихы» пәнінен қосымша факультатив сабаққа арналған. Бағдарлама «Қазақстан тарихы» пәнінің оқу бағдарламасының негізгі деңгейінде жасалған. Қолдаңбалы курс аясында оқушылар XX ғасырдың басында Қазақстанда құрылған қоғамдық- саяси қозғалыстар, партиялар туралы олардың қызметі, көзбасшылары мен оған атсалысқан ақпараттық құралдар туралы білімдерін толықтырып, пәнді тереңдетіп оқуға мүмкіндік алады. Курс бағдарламасында Қазақстан тарихы пәндерінде қысқа берілетін тақырыптар тереңде мазмұнды ашылған. XX ғасырдың басында құрылған әр түрлі қоғамдық-саяси ұйымдардың негізгі мақсаттары мен идеялары кеңінен толық сипатталады.

Бұл курсты игере отырып оқушылар әр түрлі дерек көздерін: интернет ресурстарын, ғылыми-танымдық әдебиеттер, оқулық, түрлі анықтамалықтар бойынша береілетін ақпаратты игеріп, өз көзқарастарын білдіреді, ұжымда талқылауға қатысады, ғылыми жобалар қорғай алады.

«XX ғасырдағы басындағы Қазақстандағы қоғамдық- саяси қозғалыстар» қолданбалы курсы Қазақстан географиясы, әдебиет, Адам.Қоғам.Құқық, экономика пәндерімен пәнаралық байланыс жасайды. Бағдарлама аптасына 1 сағаттан, жылына 34 сағатқа жоспарланған, 3 бөлімнен тұрады.

## **Оқушылардың білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптар**

### **Негізгі міндеттер**

- ✓ Оқушыларды оқылатын кезеңдегі XX ғасырдағы басындағы Қазақстандағы саяси тұлғалар мен олардың қызметіне, тарихи оқиғаларға салыстырмалы талдау жасауға дағдыландыру
- ✓ Қазақстан тарихындағы саяси-қоғамдық қозғалыстардың рөлін таныстыру
- ✓ Тарихи білімдерін тереңдете отырып, жас ерекшеліктеріне сәйкес дамыту
- ✓ Өз елінің тарихын терең білетін, саналы да белсенді азаматтық ұстаным қалыптастыру
- ✓ Тарихи құжат, естеліктермен, газет журналдармен, көркем әдебиетпен жұмыс жасай білуге дағдыландыру
- ✓ Ерекше қабілетті оқушылардың өзіндік дамуына ықпал ету, зерттеу белсенділігіне қолайлы жағдай жасау.

### **Күтілетін нәтиже:**

- ✓ Тарихи оқиғалар жайлы мәліметтер жинақтай отырып жауапкершілік қасиеттері қалыптасқан қабілетті тұлға қалыптасады.
- ✓ Саяси тұлғалардың өмір жолы, еңбек жолдарын үлгі ала отырып, өмірде өз орының таба алатындай тұлға болуына ықпал болады.
- ✓ Өз еліне деген, өз Отанына деген сүйіспеншілігі артып, өзін қандай жағынан болса да көрсете алады.
- ✓ Өз ойын ортаға салып, сараптама жасай алады, өз пікірін қорғай алады, сөйлеу мәдениеті дамиды, ізденіс жұмыстарына бейімделеді.

### **Әдістемелік ұстанымдар:**

- 1.Сабақ барысында оқушыларға тұлға ретінде сыпайылық, құрмет таныту, зиялылық көрсету.
2. Жеке жанұяның, тәрбие алған ортасының ерекшеліктерін ескеріп, оқушылармен жеке жұмысты жүзеге асыру.
3. Оқыту процесі кезінде ақпараттармен алмасу, өзара үйрену.
4. Оқу материалын меңгерту кезінде тілектестік, қалыпты сөйлеу және біржақты баға беруге жол бермеу.
- 5.Әрбір ұғым немесе термин қанша күрделі болса да міндетті түрде түсіндірілуі тиіс.
6. Мұғалімнің дәрісі, әңгімесі барынша қызықты болуы керек.
7. Курс бойынша сабақтарда көркем әдебиет, жырлар, нақты тарихи құжаттар, энциклопедиялар, музыкалық көркем шығармаларды, видео мәліметтер, дыбыстық жазбалар, слайдтарды тиімді пайдалану керек.

## Қолданбалы курстың білім мазмұны

«XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық- саяси қозғалыстар» қолданбалы курсы 9-11 сынып оқушыларына «Қазақстан тарихы» пәнінен қосымша факультатив сабағына арнап жасақталған, жалпы 34 сағаттан тұрады. Курс негізінен 3-бөлімнен тұрады.

Кіріспе (1 сағат )

I-бөлім «XX ғасыр басында түрік халықтарының Түркішілдік бағытындағы саяси-қозғалыстары»( 9 сағат )

II-бөлім. «XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ұлттық-саяси қозғалыстар» (10 сағат)

III-бөлім. «Ақпан төңкерісінен кейін Қазақстанда құрылған қоғамдық-саяси қозғалыстар» (13 сағат)

Қорытынды (1 сағат)

Барлығы -34 сағатты құрайды.

Мұндағы тақырыптар бойынша сипаттайтын болсақ:

«*Kipicne*» бөлімінде курстың жалпы мақсаты мен міндеті, не оқытылады, ондағы негізгі күтілетін нәтиже туралы, қандай тақырыптар қарастыратындықтары туралы айтылады. (1сағат)

I-бөлім «XX ғасыр басында түрік халықтарының Түркішілдік бағытындағы саяси-қозғалыстары»( 9 сағат )

«Түркішілдік. Қазақстандағы түркітілдес халықтардың топтасуы» тақырыбында Ресей территориясындағы түркі халықтарының топтасуы, Қазақстанға әсері туралы (1 сағат)

«Исмаил Гаспринский және оның өмірі» Туысқан түркі халықтарының басын біріктіруші –Исмаил Гаспринский туралы тарихи мәлімет (1сағат)

«Исмаил Гаспринскийдің ағартушылық, қоғамдық қызметі» тұлғаның саяси қызметі мен идеялогиясы туралы (1 сағат )

«Тәржіман» газеті оның ағартушылық қызметі- ақпараттық құралдың қызметі туралы (2 сағат)

«Жәдидшілік қозғалысы» Ресейдің мұсылмандарды қудалау, пантүркизм мен панисламизм ағымдары деп қарастыруы, оған қарсы іс-қимылдары туралы (2 сағат)

«Жүсіп Ақшораның өмірі мен оның жалпытүркілік идеясы» тұлғаның өмірі мен саяси қызметі туралы ақпарат (2 сағат)

II-бөлім. «XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ұлттық-саяси қозғалыстар» (10сағат)

«Алаш» қозғалысы оның қызметі тақырыбында алаш қозғалысының құрылуы, оның қызметі туралы айтылады (1 сағат)

«Алаш қайраткерлері» тақырыбында алаш қозғалысының қайраткерлері, мүшелері, олардың қайраткерлік жолы айтылады (2 сағат)

«Әлихан Бөкейханов және оның қызметі» ұлт көсемі А.Бөкейхановтың өмірі, қызметі суреттеледі (2 сағат)

«Алаш орда үкіметі, оның бағдарламасы» 1917 жылғы алаш партиясының, одан әрі алаш автономиясының жұмысы туралы ақпарат (1 сағат)

«Қазақ» газеті және оның көтерген мәселелері- XX ғасырдың басындағы баспасөз қызметі, «қазақ» газетінің қоғамдық-саяси және әдеби-мәдени басылым ретіндегі жұмысы туралы сипаттау (1 сағат)

«Түркістан федералистер партиясы және оның қызметі» қазақ өлкесіндегі мұсылман қозғалысы мен мүшелері туралы ақпарат (1 сағат)

«Мұстафа Шоқай және «Біртұтас Түркістан» тұлғаның қызметі, өмірі мен саяси келбеті туралы мағлұмат. (1 сағат )

«Мұхаметжан Тынышбаев және оның қызметі» тұлғаның өмірі мен саяси қызметі (1 сағат)

III-бөлім. «Ақпан төңкерісінен кейін Қазақстанда құрылған қоғамдық-саяси қозғалыстар» (13 сағат)

«Жас қазақ», «Еркін дала» ұйымы турал, олардың саяси қызметі мен идеясы туралы ақпарат беру (1 сағат)

«Бірлік» қазақ жастарының ұйымы, қазақ жастарының қоғамдық-саяси қызметтерге тартылуы, белсенділік қызметін сипаттау.(1 сағат)

«Жігер», «Талап» ұйымы, Орда мен Петропавлдағы қоғамдық ұйымның қызметіне тоқталу (1сағат)

«Қазақ жастарының революциялық одағы»Меркеде құрылған ұйым туралы сипаттама жасау. (1 сағат)

«Жас жүрек», «Жанар» ұйымдары,Спасск зауытындағы,Семейдегі жастар ұйымдары туралы ақпарат беру(1 сағат)

«Шурра –и-ислам» мұсылман ұйымдарының құрылуы, Қоқандағы съездері туралы сипаттама (1 сағат)

«Қара жұмысшылар одағы» Верныйдағы қоғамдық ұйымның қызметі туралы сипатату (1сағат)

«Жас арбакештер одағы» Петропавлдағы жұмысшылар одағының саяси қызметіне сипаттама беру (1 сағат)

Қазақстандағы кадеттер ұйымы және «Свободная речь» газеті, кадеттер партиясының мақсаты мен мүддесі, қызметіне сипаттама (1 сағат)

Қазақстандағы Эсерлер партиясы және олардың ұрандары, Эсер партиясының мақсаты мен саяси қызметі туралы ақпарат жасау (1сағат)

Қазақстандағы «Үш жүз» сациалистік партиясының құрылуы, мақсаты мен ыдырау себептерін сипаттау (1 сағат)

Мұқан Айтпенев және оның қызметі. Тұғаның өмірі мен саяси қызметіне тоқталу (1 сағат)

Көлбай Тоғысов және оның қызметі.Тұлғаның өмірі, саяси қызыметі мен идеяларының ықпалы туралы мәліметтер. (1 сағат)

Қорытынды (1 сағат) жалпы курс бойынша қорытындылау, қайталау. (1 сағат)

**«XX ғасырдағы басындағы Қазақстандағы қоғамдық- саяси қозғалыстар» қолданбалы курсының жоспары**

| №                                                                                                          | Тақырыбы                                                    | Сағат саны | Өтілетін уақыты |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------|------------|-----------------|
| 1                                                                                                          | Кіріспе сабағы (1 сағат)                                    | 1          |                 |
| <b>I-бөлім «XX ғасыр басында түрік халықтарының Түркішілдік бағытындағы саяси-қозғалыстары»( 9 сағат )</b> |                                                             |            |                 |
| 2                                                                                                          | Түркішілдік. Қазақстандағы түркітілдес халықтардың топтасуы | 1          |                 |
| 3                                                                                                          | Исмаил Гаспринский және оның өмірі                          | 1          |                 |
| 4                                                                                                          | Исмаил Гаспринскийдің ағартушылық, қоғамдық қызметі         | 1          |                 |
| 5-6                                                                                                        | «Тәржіман» газеті оның ағартушылық қызметі                  | 2          |                 |
| 7-8                                                                                                        | Жәдидшілік қозғалысы                                        | 2          |                 |
| 9-10                                                                                                       | Жүсіп Ақшораның өмірі мен оның жалпытүркілік идеясы         | 2          |                 |
| <b>II-бөлім. «XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы ұлттық-саяси қозғалыстар» (10сағат)</b>                  |                                                             |            |                 |
| 11                                                                                                         | «Алаш» қозғалысы оның қызметі                               | 1          |                 |
| 12-13                                                                                                      | Алаш қайраткерлері                                          | 2          |                 |
| 14-15                                                                                                      | Әлихан Бөкейханов және оның қызметі                         | 2          |                 |
| 16                                                                                                         | Алаш орда үкіметі, оның бағдарламасы                        | 1          |                 |
| 17                                                                                                         | «Қазақ» газеті және оның көтерген мәселелері                | 1          |                 |
| 18                                                                                                         | Түркістан федералистер партиясы және оның қызметі           | 1          |                 |
| 19                                                                                                         | Мұстафа Шоқай және «Біртұтас Түркістан»                     | 1          |                 |
| 20                                                                                                         | Мұхаметжан Тынышбаев және оның қызметі                      | 1          |                 |
| <b>III-бөлім. «Ақпан төңкерісінен кейін Қазақстанда құрылған қоғамдық-саяси қозғалыстар» (13 сағат)</b>    |                                                             |            |                 |
| 21                                                                                                         | «Жас қазақ», «Еркін дала» ұйымы                             | 1          |                 |
| 22                                                                                                         | «Бірлік» қазақ жастарының ұйымы                             | 1          |                 |

|    |                                                           |   |  |
|----|-----------------------------------------------------------|---|--|
|    |                                                           |   |  |
| 23 | «Жігер», «Талап» ұйымы                                    | 1 |  |
| 24 | «Қазақ жастарының революциялық одағы»                     | 1 |  |
| 25 | «Жас жүрек», «Жанар» ұйымдары                             | 1 |  |
| 26 | «Шурра –и-ислам»                                          | 1 |  |
| 27 | «Қара жұмысшылар одағы»                                   | 1 |  |
| 28 | «Жас арбакештер одағы»                                    | 1 |  |
| 29 | Қазақстандағы кадеттер ұйымы және «Свободная речь» газеті | 1 |  |
| 30 | Қазақстандағы Эсерлер партиясы және олардың ұрандары      | 1 |  |
| 31 | Қазақстандағы «Үш жүз» партиясы және оның қызметі         | 1 |  |
| 32 | Мұқан Айтпенев және оның қызметі                          | 1 |  |
| 33 | Көлбай Тоғысов және оның қызметі                          | 1 |  |
| 34 | Қорытынды (1 сағат)                                       | 1 |  |